

Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 357 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ескерту. Қаулының бүкіл мәтіні бойынша "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы", "ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін" деген сөздері тиісінше "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы", "ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін" деген сөздерімен ауыстырылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 22.07.2022 № 178 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2 тармағына, 37-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 6) тармақшасына, 27 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 498 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысы Созақ ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Түркістан облысы Созақ ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы Созақ ауданы әкімінің орынбасары Б.Айдарбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Полатов

Созақ ауданы әкімдігінің

Мүгедектігі бар адамдар үшін квота белгіленген ұйымдардың тізбесі

Ескерту. 1-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 22.07.2022 № 178 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%)	Белгіленген квота	Оның ішінде: жұмыс істейтін мүгедектігі бар адамдардың саны	Мүгедектігі бар адамдар үшін квота белгіленген жұмыс орындары-ның саны
1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	106	3	3	1	2
2	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі"	139	3	4		1

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі				3	
3	Түркістан облысының ада ми элеуетті дамыту басқармасын ың "Созақ ауданының ада ми элеуетті дамыту бөлімінің "	57	2	1	0	1
	М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі					
4	Түркістан облысының ада ми элеуетті дамыту басқармасын ың "Созақ ауданының ада ми элеуетті дамыту бөлімінің "	221	3	6	4	2
	Науайы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі					
5	Түркістан облысының ада ми элеуетті дамыту басқармасын ың "Созақ ауданының ада ми элеуетті дамыту бөлімінің "	51	2	1		1

	Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі				0	
6	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің " Батырбекова атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	65	2	1	0	1
7	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің " С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	153	3	4	3	1
	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Созақ ауданының					

8	адами элеуетті дамыту бөлімінің "Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	61	2	1	0	1
9	Түркістан облысының адами элеуетті дамыту басқармасының "Созақ ауданының адами элеуетті дамыту бөлімінің "Ләнде Бөкенов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	170	3	5	4	1
10	Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Шолақорған-су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	216	3	6	2	4
	Барлығы:	1239	x	32	17	15

Созақ ауданы әкімдігінің
"27" желтоқсан 2021 жылғы
№357 қаулысына 2-қосымша

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Түркістан облысы Созақ ауданы әкімінің "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 408 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5936 тіркелген);

2. Түркістан облысы Созақ ауданы әкімінің "Созақ ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 408 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2021 жылғы 13 мамырдағы № 145 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6216 тіркелген).